

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздестіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 мамырда № 32592 болып тіркелді

"Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздестіруді ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері орналасқан жерді өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 23 тамыздағы № 473 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15767 болып тіркелген);

2) "Анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері орналасқан жерді өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы № 473 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2020 жылғы 5 қазандағы № 500 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21375 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы

мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Р. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Министр обороны
Республики Казахстан
от 23 мая 2023 года
№ 486 Бұйрықпен
бекітілген

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздестіруді ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздестіруді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары (бұдан әрі – әскери полиция органдары) Қарулы Күштер әскери бөлімдерінің қолбасшылығы жәрдемдескен кезде қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілерді іздеу және ұстау бойынша шаралар қабылдайды.

3. Іздестіруді бастау үшін мыналар негіз болып табылады:

1) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, соттың айыпталушыны, сотталушыны, сотталғанды іздестіруді жариялау туралы қаулысы;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған құқықтық көмек көрсету туралы шарттарға (келісімдерге) сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттер құқық қорғау органдарының іздестіру тапсырмасы, хабарламасы;

3) Қарулы Күштер әскери бөлімі қолбасшылығының әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілер туралы хабарламасы;

4) әскери қызметшілердің әскери бөлімді (мекемені), қызмет атқару орнын өз бетінше тастап кету фактісін анықтаған әскери полиция органы лауазымды адамының баянаты;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы әскери бөлімді (мекемені), қызмет атқару орнын өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілер туралы хабарлама.

4. Іздестіру жұмысында Қарулы Күштер әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) қолбасшылығы, жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі – ЖӘБО) тікелей жәрдемдескен кезде барлық әскери полиция органдары бөлімшесінің мүмкіндігі пайдаланылады.

5. Әскери полиция органдарының іздестіру жұмысы мынадай болып бөлінеді:

1) жедел іздестіру – әскери полиция органдары, Қарулы Күштер әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) қолбасшылығы, ЖӘБО жүргізетін әскери бөлімдерді (мекемелерді), қызмет атқару орындарын өз бетінше тастап кеткен және іздестіру жарияланбаған әскери қызметшілердің орналасқан орнын анықтау жөніндегі іздеу іс-шаралары кешені;

2) республикалық іздестіру – Қазақстан Республикасы шегінде жасырынып жүрген әскери қызметшілерді анықтау және ұстау мақсатында іздестіруге бастама танытушы әскери полиция органы жүргізетін тергеу, іздеу іс-шаралары кешені;

3) мемлекетаралық іздестіру (бұдан әрі – МАІ) – әскери полиция органы құқық қорғау органдарының барлық жедел, анықтамалық және криминалдық есепке алу жүйесін пайдаланып жүргізетін, кейіннен жасырынып жүрген әскери қызметшілерді қамауға алу және Қазақстан Республикасынан тыс, бірақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағы шегінде іздестірілудегі, айыпталушы адамдарды беру мақсатында оларды іздестіруге бағытталған іс-шаралар кешені;

4) халықаралық іздестіру (бұдан әрі – ХАІ) – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Интерпол Ұлттық Орталық Бюросы (бұдан әрі – Интерпол Ұлттық Орталық Бюросы) арқылы жүзеге асырылатын халықаралық құқық нормаларына сәйкес, сондай-ақ Интерпол – Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына мүше мемлекеттердің аумағындағы ұлттық заңнамаға сәйкес жүргізілетін іздестірілудегі әскери қызметшілерді табуға бағытталған жедел-іздестіру және ақпараттық-анықтамалық іс-шаралар кешені.

2-тарау. Жедел іздестіруді ұйымдастыру

6. Жедел іздестіру әскери полиция органдары Қарулы Күштер әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) қолбасшылығымен әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру орны бойынша және ЖӘБО-мен әскери қызметшілердің әскерге шақыру орны мен

тұрғылықты жері бойынша тікелей өзара іс-қимыл жасаған кезде шұғыл іздестіру және іздеу іс-шараларын жүргізу туралы шешім қабылдауды көздейді.

7. Іздестіру жөніндегі бастапқы шаралар әскери қызметшілердің Қарулы Күштердің әскери бөлімін (мекемесін), қызмет атқару орнын өз бетінше тастап кету (бұдан әрі – БӨТК) фактісі анықталған не Қарулы Күштер әскери бөлімінің қолбасшылығынан әскери қызметшілердің БӨТК туралы ақпарат алынған сәттен бастап басталады.

8. Әскери қызметшілердің БӨТК туралы хабарламаны не ақпаратты алған кезде Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) командирі жоғары тұрған командирге (бастыққа) баяндайды және сонымен қатар әскери қызметшінің БӨТК-ны жасағаны анықталған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей, БӨТК уақыты мен мән-жайы туралы гарнизонның әскери полиция органына хабарлайды, оларды есепке қояды және әскери қызметшілердің әскерге шақыру орны (тұрғылықты жері) бойынша ЖӘБО-ға жеделхат жолдайды.

Ауызша хабарлама БӨТК фактісі анықталған сәттен бастап 3 (үш) сағат ішінде жазбаша түрде расталады, онда БӨТК уақыты, орны мен мән-жайы туралы мәліметтермен қатар әскери қызметшілердің деректері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, туған жері, тұрғылықты мекенжайы, отбасы жағдайы, білімі, жеке сәйкестендіру нөмірі, туыстарының тұрғылықты жері, сондай-ақ достық қарым-қатынасы, сөзбен суреттелген портреті мен ерекше белгілері, жеке басын куәландыратын құжаттың не Қазақстан Республикасының азаматы төлқұжатының, ал олар болмаған кезде әскери билеттің деректері), киім нысаны, өзімен бірге қарудың болуы, автокөліктің болуы, құқық бұзушылық жасауға ниеті, бейімділігі, Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) тізіміне енгізу және лауазымға тағайындау туралы Қарулы Күштер әскери бөлімі (мекемесі) командирі бұйрығының нөмірі және күні, лауазымның атауы, әскери қызметке кім және қашан шақырғаны көрсетіледі. Ақпаратқа іздестірілудегі әскери қызметшілердің фотосуреттері қоса беріледі. Әскери полиция органы жедел кезекшісінің талап етуі бойынша Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) командирі әскери полиция органдарына іздестіру үшін қызығушылық тудыратын мәліметтерді жолдайды.

Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) командирі жедел іздестіру барысында әскери қызметшілердің санатына және БӨТК-ның мән-жайына байланысты әскери қызметшілердің БӨТК фактісін анықтаған сәттен бастап:

1) тікелей ұйымдастыру және ұстау үшін офицерлердің жетекшілік етуімен іздестіру топтарын, нарядтарды, патрульдерді, бекеттерді және автомобиль техникасын ұйымдастырады және тартады (қоғамдық орындарды тексеру және трассадағы автокөлікті толық тексеру Қазақстан Республикасы әскери полиция және ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылады);

2) БӨТК әскери қызметшілердің жеке заттарын, хат алмасуын және құжаттарын сақтауды қамтамасыз етеді;

3) БӨТК әскери қызметшілерді жабдықтылымның барлық түрінен алады;

4) күн сайын гарнизонның әскери полиция органына БӨТК әскери қызметшілерді іздестіру бойынша атқарылған жұмыс туралы жинақталған мәліметтерді жолдайды. Әскери полиция органының сұрау салуы бойынша БӨТК әскери қызметшілерді іздестіру бойынша атқарылған жұмыс туралы материалмен бірге мінездеме беретін материал мен құжаттарды ұсынады.

9. Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) командирі БӨТК әскери қызметшілерді есепке қоюды қамтамасыз етеді және БӨТК әскери қызметшілерді іздестіруді бақылауды жүзеге асырады.

10. ЖӘБО әскери қызметшілердің БӨТК туралы хабарламаны алған кезде олардың тұрғылықты жері (әскерге шақырылу орны) бойынша:

1) оларды БӨТК әскери қызметшілер есебіне қояды;

2) гарнизонның әскери полиция органымен және аумақтық ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылда БӨТК әскери қызметшілер туыстарының тұрғылықты жері бойынша олардың орналасқан орнын анықтауға және қызмет орнына қайтаруға бағытталған іс-шараларды жүргізеді;

3) жауапкершілік аймағында тұратын БӨТК әскери қызметшілерге қатысты әскери полиция органдарының тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындайды және сұрау салу бойынша олардың мекенжайына қажетті мәліметтер мен құжаттарды жолдайды;

4) тоқсан сайын БӨТК әскери қызметшілер бойынша ақпаратты гарнизонның әскери полиция органына ұсынады.

11. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қорғаныс істері департаменттері бағынысты ЖӘБО-да есепте тұратын БӨТК әскери қызметшілер туралы ақпаратты жинақтау бойынша жұмыс жүргізеді, бағынысты ЖӘБО-ның БӨТК әскери қызметшілердің орналасқан орнын тұрғылықты жері (әскерге шақырылу орны) бойынша анықтау жөніндегі жұмысына бақылауды жүзеге асырады, тоқсан сайын деректерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, фотосурет (бар болса), қандай ЖӘБО және қашан әскерге шақырғаны, әскери бөлім, гарнизон, БӨТК күні, үй мекенжайы, орналасқан орны және оларды анықтау бойынша қабылданатын шаралар туралы бар ақпарат) көрсетумен іздестірілудегі әскери қызметшілердің жинақталған тізімін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасына (бұдан әрі – ӘПББ) жолдайды.

12. Әскери полиция органы әскери қызметшілердің БӨТК туралы хабарламаны алған кезде ақпаратты тіркейді және әскери қызметшілерді жедел іздестіру есебіне қояды.

Әскери қызметшілердің орналасқан орнын анықтау және оларды ұстау мақсатында әскери полиция органы Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығымен өзара іс-қимылда:

1) іздестірілудегі адамдардың қызмет орны, олардың туыстары мен достарының тұрғылықты жері бойынша іздестіру жұмысын жүргізеді;

2) іздестірілудегі адамдардың болуы және жүріп-тұруы ықтимал орындарда қызметтік-іздестіру иттерін пайдаланып, іздеудің күш қолдану (торуылдар, бекеттер қою, жергілікті жерді, саяжай алқаптарын, қараусыз қалған құрылыстарды тексеру) шараларын қолданады;

3) әскери полиция органдарына және аумақтық ішкі істер органдарына іздестірілудегі адамдардың ықтимал маршруты, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері (әскерге шақырылу орны) бойынша іздестіруге бағдар береді;

4) іздестірілудегі адамдардың теміржол көлігінде жүріп-тұруын бақылау мақсатында әскери полиция органы бастығының шешімі бойынша одан әрі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ИМ) есебіне қою үшін ӘПББ-ға толық сауалнамалық деректерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттардың нөмірлері) жолдайды.

Жедел іздестіруге бастама танытушы (әскери полиция органы) кейіннен ҚР ИМ есебінен алу үшін одан әрі қадағалау қажеттілігінің болмауы туралы ӘПББ-ны уақтылы хабардар етеді.

13. БӨТК әскери қызметшіні іздестіру және ұстау үшін іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын әскери полиция органының сұрау салуы негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылығымен келісу бойынша әскери техника бөлінеді.

14. Іс жүргізуінде әскери қызметшінің БӨТК фактісі бойынша қылмыстық іс материалы бар әскери полиция органы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 24-бабына сәйкес істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуді қамтамасыз етеді, іздестіруді уақтылы жариялау бойынша шаралар қабылдайды.

ҚР ҚПК-ның 63-бабына сәйкес әскери полиция органының анықтаушысы қылмыстық іс шеңберінде қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген (айыпталған) жасырынып жүрген әскери қызметшілерді іздестіруге шаралар қабылдайды.

15. Іздестіру мәселелері бойынша әскери полиция органдары, аумақтық ішкі істер органдары арасындағы өзара іс-қимыл көрсетілген органдарға тиісті сұрау салуды жолдау, құқық қорғау және арнаулы органдардың ақпараттық алмасу жүйесін пайдалану және мынадай есепке алуды тексеру арқылы ұйымдастырылады:

1) ішкі істер органдарының, оның ішінде көліктегі жедел, криминалистикалық және ақпараттық есепке алуын;

2) көші-қон полициясының – тұрғылықты жері бойынша уақытша және тұрақты тіркелу, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды (жеке куәлік, төлқұжат) алу, сауалнамалық деректердің өзгеруі мәніне;

- 3) жол-патрульдік полицияның – автокөлік құралын қолдану және пайдалану мәніне ;
- 4) белгілі бір тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдар үшін қабылдау-тарату орындарының.

3-тарау. Республикалық іздестіруді ұйымдастыру

16. Республикалық іздестіру әскери полиция органының бастығы бекіткен жоспар бойынша жүзеге асырылады.

17. Іздестіру іс-шараларын тергеушімен не анықтаушымен тығыз өзара іс-қимылда әскери полиция органының уәкілі жүргізеді, олар нәтижесі туралы тоқсан сайын хабардар етіледі.

18. Республикалық іздестіру жарияланған кезде офицер – әскери полиция органының уәкілі мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) электрондық және факсимильді байланыс құралдары арқылы әскери полиция органдарының және өңірдің аумақтық ішкі істер органдарының жеке құрамына бағдар береді;

2) іздестірілудегі адамдарды ҚР ІІМ-нің, ЖӘБО-ның есепке алуы бойынша тексереді;

3) іздестірілудегі адамдардың болжамды қозғалыс маршруты бойынша және олардың болуы анағұрлым ықтимал орындарда іздеуді ұйымдастырады;

4) іздестірілудегі адамдардың қызметтестерінен, қолбасшылығынан, көршілерінен жауап алады, БӨТК себептерін анықтау мақсатында олардың туыстық және достық қарым-қатынасын анықтайды, іздестірілудегі адамның қозғалыс маршрутын, болуы ықтимал орындарын анықтау, туыстық және достық қарым-қатынасын, белгілерін, мінездемесін анықтау бойынша шаралар қабылдайды;

5) іздестірілудегі адамдардың фотосуретін, жазу үлгілерін алу, физиологиялық ерекшелігін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді;

6) іздестірілудегі әскери қызметшілерді өз еркімен келу қажет екеніне және олардың қызмет орнына оралуына көндіру бойынша жұмыс жүргізеді;

7) аумақтық ішкі істер органдарына, әскери полиция органдарына, ЖӘБО-ға фотосуретті қоса берумен жасырынып жүрген әскери қызметшілердің туыстық және достық қарым-қатынасын анықтау бойынша іздестіру тапсырмалары мен хабарламаларды жолдайды;

8) іздестіруде бұқаралық ақпарат құралдарын (радио, теледидар, баспасөз, интернет), "Оларды полиция іздестіруде" деген стенділерді пайдаланады;

9) іздестірілудегі адамдардың туыстық және достық қарым-қатынасын мұқият тексеру мақсатында әскери-тергеу бөлімшелері арқылы ҚР ІІМ жедел қызметтерінің жәрдем көрсетуі туралы өтініш жасайды.

19. Іздестіру ісін жүргізу туралы әскери полиция органы ӘПББ-ны жазбаша түрде хабардар етеді.

20. Жасырынып жүрген әскери қызметшілерге қатысты іздестіру ісі жүргізілгеннен кейін олардың жеке басына мінездеме беретін мәліметті жинауға шаралар қабылданады .

21. Іздестіру іс-шараларын жүргізу процесінде жасырынып жүрген әскери қызметшілердің кінәсін мойындап келуіне көндіру мүмкіндігі зерделенеді. Осыған байланысты, іздестірілудегі адамдарға оң ықпал етуге және қызмет орнына кінәсін мойындап келуге көндіруге қабілетті туыстық және достық қарым-қатынас анықталады .

22. Нақты өңірде және мекенжайларда іздестірілудегі адамдарды анықтау және ұстау жөніндегі іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін іздестіруге бастама танытушы Қазақстан Республикасының әскери полиция органына не аумақтығы бойынша ішкі істер органына іздестіру тапсырмасын жолдайды. Іздестіру тапсырмасы тек іздестірілудегі адамдардың бұрын осы аумақта болғанын, тұрғанын немесе жұмыс істегенін, әскери қызмет өткергенін, іссапарда болғанын, сотталғанын, туыстық және достық қарым-қатынастың болуын куәландыратын деректер болған кезде ғана жолданады.

23. Іздестіру тапсырмасын жасаған кезде мынадай деректер көрсетіледі:

- 1) іздестірілудегі әскери қызметшілердің толық сауалнамалық деректері;
- 2) олардың сыртқы келбетінің белгілері және жеке физиологиялық ерекшелігі;
- 3) іздестіру негізі және таңдалған бұлтартпау шарасы;
- 4) іздестірілудегі адамдардың болуы ықтимал орындары;
- 5) жүргізілуге тиіс іс-шаралар және оларды орындау кезінде нені ескеру қажет екені ;
- 6) іздестірілудегі әскери қызметшілерді анықтаған кездегі адамның әрекеттері.

24. Іздестіру тапсырмасына болған кезде іздестірілудегі адамдардың фотосуреті қоса беріледі.

25. Іздестіру тапсырмасын орындау ол алынғаннан кейін дереу ұйымдастырылады, жауабы күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жолданады.

26. Іздестіру тапсырмасын орындауға көп уақыт қажет болған жағдайда ол туралы іздестіруге бастама танытушы хабардар етіледі. Бұл ретте жауапта мыналар көрсетіледі :

- 1) іздестіру тапсырмасын орындау үшін қандай іс-шаралар жүргізілгені;
- 2) қазіргі уақытта жүргізілетін іс-шаралар;
- 3) болашақта ұйымдастыруға және жүргізуге жоспарланған іс-шаралар;
- 4) тапсырманы белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмауының себебі.

27. Іздестіру тапсырмасын орындау барысында іздестірілудегі адамдар анықталған кезде іздестіруге бастама танытушы дереу хабардар етіледі.

28. Іздестіру тапсырмасы бойынша әскери полиция органы жүргізген тексеру материалы іздестіруге бастама танытушыға жолданады, іздестіру тапсырмасымен және оған жауаптың көшірмесімен бірге материалдың көшірмелері номенклатуралық іске тігіледі.

29. Нақты іздестіру ісі жөніндегі жоспардың тармақтарын орындау бойынша атқарылған жұмыс туралы анықтама жасалады және алынған деректерді ескеріп, қосымша іздестіру іс-шараларының жоспары жасалады.

30. Іздестіруді жариялауға және бастапқы тексеруге негіз болып табылған барлық материал іздестіру ісіне тігіледі.

31. Егер іздестірілудегі адамдардың жақын туыстары әскери полиция органының қызмет көрсету аймағынан тыс жерде тұратын болса (іздестіру ісінде түсіндірмелер, тиісті анықтамалар болған кезде), іздестіру ісі барлық бастапқы іздестіру іс-шарасы жүзеге асырылғаннан кейін іздестіруді қайта тапсыру туралы мәселені шешу үшін ӘПББ-ға жолданады.

4-тарау. Мемлекетаралық іздестіруді ұйымдастыру

32. Республикалық іздестіру процесінде іздестірілудегі әскери қызметшілерді анықтау мүмкін болмаған жағдайда іздестіру ісі жүргізілген күннен бастап бір ай өткен соң әскери полиция органы МАІ-ні жариялайды. "Күзетпен ұстау" бұлтартпау шарасы таңдалған жасырынған адамдарға қатысты МАІ республикалық іздестірумен бір уақытта жарияланады.

33. Егер республикалық іздестіру шаралары қабылданды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса не іздестірілудегі адамдардың Қазақстан Республикасынан тыс жерге шыққаны туралы нақты деректер бар болса, әскери полиция органының бастығы белгіленген мерзімнен бұрын МАІ-ні жариялау туралы шешім қабылдайды.

34. МАІ-ні дереу жариялауға ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған не қарумен БӨТК әскери қызметшілер жатады.

35. МАІ кезінде "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіру туралы шартын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес ТМД-ға қатысушы мемлекеттер ішкі істер министрліктері ақпараттық орталықтарының барлық жедел-анықтамалық есепке алуының сигнал беру жүйесі пайдаланылады.

36. ТМД елдерінің әскери полиция органдары мен құқық қорғау органдары арасындағы іздестіру бойынша қызметтік хат алмасу ӘПББ арқылы жүзеге асырылады.

5-тарау. Халықаралық іздестіруді ұйымдастыру

37. Егер іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында іздестірілудегі адамдардың Қазақстан Республикасынан және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

мемлекеттерден тыс жерге шыққаны туралы нақты мәліметтер алынса, әскери полиция органы ҚР ҚПК-ның 292-бабына сәйкес күдіктіні (айыпталушыны) ХАІ-ні жариялау туралы жеке қаулы шығарады.

38. ХАІ-ні жариялау Интерпол Ұлттық Орталық Бюросы арқылы жүзеге асырылады және тек Интерполға мүше шет мемлекеттер аумағында ғана болуы мүмкін.

39. ХАІ республикалық іздестіру және МАІ жарияланғаннан кейін немесе бір уақытта жарияланады.

40. Айыпталушы және сотталған адамдарды Қазақстан Республикасында Интерпол Ұлттық Орталық Бюросы арқылы ХАІ-ні жариялаудың міндетті шарты іздестірілудегі адамдарға қатысты күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдау болып табылады.

41. Әскери полиция органының әскери қызметшілерді іздестіруі оның орналасқан орнын анықтау мақсатында Интерпол Ұлттық Орталық Бюросы арқылы жүзеге асырылады.

6-тарау. Іздестіріліп табылған әскери қызметшілерге қатысты жүргізілетін іс-шаралар

42. БӨТК әскери қызметшілерді ұстаған кезде Қарулы Күштер әскери бөлімінің қолбасшылығы қызмет орнына іздестіріліп табылған адамдармен бірге жүру үшін ұстау орнына өз өкілдерін дереу жібереді.

БӨТК әскери қызметшілер ЖӘБО-ға не әскери полиция органдарына өз еркімен келген жағдайда іздестірілудегі адамдарға нұсқамада белгіленген мерзімде қызмет орнына кету туралы нұсқама беріледі. Әскери қызметшілер қызмет орнына өздері келуден бас тартқан кезде Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығы қызмет орнына бірге жүру үшін іздестіріліп табылған адамдардың орналасқан орнына өз өкілдерін жібереді.

43. Іздестірілудегі адамдарға қатысты күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы таңдалған және алдын ала тергеп-тексеру орнына этаппен жіберілген жағдайда ұсталған БӨТК әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 150-бабына сәйкес одан әрі этаппен жіберу үшін әскери полиция органдарының лауазымды адамдары аумақтық ішкі істер органының уақытша ұстау изоляторына не ҚР ІІМ қылмыстық-атқару жүйесі органының тергеу изоляторына қамауға алады.

Іздестірілудегі адамдарды ұстау және қамауға алу туралы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау және іздестіруді тоқтату мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін құжаттардың көшірмелерін жолдай отырып, прокурор және іздестіруге бастама танытушы хабардар етіледі.

44. БӨТК әскери қызметшілер денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеруге мүмкіндігінің болмауына шағымданған кезде Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығы оларды медициналық куәландыру үшін жақын жердегі

әскери-медициналық мекемеге (бөлімшеге, ұйымға) жібереді. Әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауру расталған жағдайда сараптамалық құжаттар (ауруы туралы куәлік, анықтама) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына бекіту үшін жолданады. Әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауру расталмаған жағдайда, әскери қызметшілерге материал әскери полиция органына процестік шешім қабылдау үшін жолданады.

45. Әскери полиция органы БӨТК әскери қызметшілердің анықталған орны бойынша БӨТК-ның мән-жайы мен себептері туралы толық сұрақ-жауап алуды (жауап алуды) жүргізеді, олардың қылмыстық құқық бұзушылық жасамағанын анықтайды, қылмыстық істің болатын орнын анықтайды, оны сұратып алады және процестік шешім қабылдайды, ол туралы Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығын хабардар етеді. БӨТК әскери қызметшілерге қатысты күзетпен ұстауға байланысты емес бұлтартпау шарасы таңдалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу уақытына оларды гарнизон әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) біріне іссапарға жіберу бойынша шаралар қабылдайды.

46. ЖЭБО БӨТК әскери қызметшілер анықталған жағдайда олардың тұрғылықты жері (әскерге шақырылу орны) бойынша әскери қызметшілердің орналасқан орны туралы Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығына, әскери полиция органына және жоғары тұрған қорғаныс істері департаментіне дереу хабарлайды және әскери қызметшілерді БӨТК адамдар есебінен алады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы туралы мәлімет болмаған кезде әскери қызметшілердің өз еркімен қызмет орнына қайтып оралуы бойынша жұмыс жүргізеді.

Әскери қызметшілер денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеру мүмкіндігінің болмауы туралы мәлімдеген кезде олар әскери полиция органымен келісу бойынша медициналық куәландыру үшін жақын жердегі әскери-медициналық мекемеге (бөлімшеге), ал мұндайлар болмаған кезде – жақын жердегі медициналық ұйымға жіберіледі. Әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін ауру расталған жағдайда, оларға ауруы туралы куәлік немесе анықтама ресімделеді, оларды қорғаныс істері департаменті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына бекіту үшін жолдайды. Әскери қызметке жарамдылық санатын өзгертетін аурулар расталмаған жағдайда, әскери қызметші қорғаныс істері департаменті арқылы әскери полиция органына процестік шешім қабылдау үшін жіберіледі.

47. Әскери қызметшілер Қарулы Күштердің әскери бөлімінде қызметтестер тарапынан құқыққа сыйымсыз әрекеттердің болуы туралы мәлімдеген кезде әскери қызметшілер әскери полиция органына жіберіледі. Әскери қызметшілер Қарулы Күштердің әскери бөліміне (мекемесіне) қайтып оралудан бас тартқан немесе әскери полицияға жіберуден жалтарған жағдайда, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің

басталуы туралы мәлімет болған кезде осы мәлімет аумақтық ішкі істер органдарына қосымша беріледі.

48. Әскери қызметшілердің БӨТК-ның әрбір фактісі бойынша Қарулы Күштер әскери бөлімінің (мекемесінің) қолбасшылығы оған ықпал еткен себептер мен жағдайды анықтау, оларды жою жөнінде шаралар қабылдау және кінәлі лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту мақсатында қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді. Қабылданған шаралар туралы жоғары тұрған қолбасшылыққа және әскери полиция органына хабарлайды.